

СӘКЕН - ТАРИХИ ТҮЛҒА

Биылғы жаңа оқу жылы Көктіңкөлі ЖОББ мектебінде жаңа көңіл-күймен, жаңа серпінмен басталғаны көңіл қуантарлық болып отыр. Өткен оқу жылының еншілігінде болған, жоспарлы түрде өтіп отыратын облыстық «Бір аймақ-бір кітап» акциясы бойынша атқарылған іс-шара қорытындысынан аудан бойынша мектебіміздің ұжымы жүлделі үшінші орын иегері

Мәселен ол «Қыран ұшқан ұя» тақырыбында дөңгелек үстел өткізсе, «Тарих беттерінен...» атты кітап көрмесін Б.Макажанова ұйымдастырды. Ал, Ж.Макажанова «Сәкен-сыршыл акын» атты шығармашылық байқау өткізсе, К.Тәліпов және Ұ.Жиенқұл «Тарих беттерінен...» өлкетанулық әңгіме жүргізіп, оқушыларға көптеген мағлұматтар берді, сондай-ақ,



атты өлең байқауын өткізген А.Оспанова, «Менің Сәкенім» портреттік көрме ұйымдастырған Қ.Төkenовтер ерекше қырынан таныла білді.

Іс шара барысында ақынның өмірі мен шығармашылығы жайлы ағылшын тілінде сұрақтар қойып, ой қозғау үштілділікті жүзеге асыру мақсатында "Поле чудес" ойыны арқылы ұйымдастырған Е.Ф. Бульда, М.К.Гаврасова сынды қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі және ағылшын пәндерінің мамандары мақсатты түрде жүзеге асыра білді.

Мектебімізде «Сәкен-тарихи тұлға» атты көрмеде Сәкен ақынның «Өткен күндер тарихы» атты фотосуреттері, қолжазбалары көрсетілді.

"Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын", "Жұмыла көтерген жүк жеңіл" дегендей, бір жыл бойы жасаған еңбектерінің жемісін көріп отырған мектеп ұжымына алғысым шексіз. Мектебіміздің мерейін асқақтату жолында талмай, шығармашылықпен еңбек ете беруге шақырамын. Игі істеріңізге табыс тілеймін.

Гүлбаршын КАПАЕВА,
директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары.
Көктіңкөлі ауылы.



атанып, марапатталғанын айта кетуге болады.

Жақында қазақ әдебиетінің негізін салушы ақын, қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің 125 жылдығы қарсаңында өткен іс-шараға мектеп ұжымы үлкен жауапкершілікпен қатыса білді. Атап айтар болсам, оқушылардың шараға қатысудағы қызығушылығын арттырып, шеберлікпен ұйымдастыра білген М.Досанованың еңбегін ерекше атап айтқым келеді.

шарада Г.Кармеш, «Сәкен-тарихи тұлға» атты ауызша журналмен таныстырып өтті.

Ақын шығармашылығына арналып өткен «Сәкен оқулары» атты мәнерлеп оқу сайысын қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Қ.Қоршабекова ұйымдастырып, мектеп оқушылары ақын өлеңдерін нақышына келтіре оқып берді. Ал, «Әдеби ойындар» атты сұрақ-жауап сайысын өткізген Н.Тәліпова, «Ұшталған қалам»